

Тарифті белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Тараз қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 26 тамыздағы № 572 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 31 тамыздағы № 3155 қаулысы. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 20 маусымдағы №469 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 20.06.2017 № 469 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы
с а қ т а л ғ а н .

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына және "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасын Заңының 19-бабына сәйкес Тараз қаласының әкімдігі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Тараз қаласындағы жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауда жол жүру тарифі барлық жолаушылар үшін - 55 (елу бес) теңге;
- мектеп оқушыларына (1-11 сынып) – 25 (жиырма бес) теңге;
- оқушылардың айлық бірыңғай жүру билеті – 900 (тоғыз жүз) теңге болып
б е к і т і л с і н .

2. Тараз қаласы әкімдігінің төмендегі қаулыларының күші жойылды деп
т а н ы л с ы н :

"Тарифті белгілеу туралы" Тараз қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 08 желтоқсандағы № 1145 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2434 болып тіркелген, 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 175 "Ақ Жол" газетінде жарияланған).

"Тарифті белгілеу туралы" Тараз қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 08 желтоқсандағы № 1145 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Тараз қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 247 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2588 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 наурыздағы № 13 (1248) "Жамбыл-Тараз" газетінде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Жақсылық Мырзабекұлы Сапаралиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Календеров

" К Е Л І С І Л Д І "

Т а р а з қ а л а л ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы
Б . Н а р б а е в

"26" тамыз 2016 жыл